

FTAMP 16.01.45

Ж. Мамырбаева¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ТАНЫМЫН АРТТЫРАТЫН МӘТІНДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Андатпа. Мақалада қазақ тілі пәнін оқытудың бір мәселесі ретінде сабақта мәтіндерді қолдану әдістемесі қарастырылады. Оқушылардың оқу танымын арттыратын мәтіндер туралы талданады. Ғалымдар еңбектеріне шолу жасалып, оқутанымға берілген анықтамалар нақтыланып, ол туралы терең талдау жасалды. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу танымын арттыратын мәтіндер мәселесі де қарастырылды және мәтіндерді іріктеу, жүйелеу, оларға қойылатын талаптар ескеріліп, талдау үлгілері көрсетілді. Жалпы сабақта оқутанымдық мәтіндердің қолдану жолдары ұсынылды.

Кілт сөздер: оқутаным, танымдық әрекеттер, мәтін, тұлғааралық қатынастар.

Аннотация. В статье рассматривается метод использования текстов на уроках как одна из проблем обучения казахскому языку. Анализируются тексты, которые улучшают понимание прочитанного учащимися. Были рассмотрены работы ученых, уточнены определения учебника и проведен глубокий анализ. Также рассмотрен вопрос о текстах, повышающих понимание прочитанного учащимися на уроке казахского языка и учтены образцы анализа с учетом требований к отбору, систематизации текстов. В целом на уроке предложены способы использования учебных текстов.

Ключевые слова: обучение, познавательная деятельность, текст, межличностные отношения.

Annotation: The article considers the method of using texts in the classroom as one of the problems of teaching the Kazakh language. Texts are analyzed that improve students' reading comprehension. The works of scientists were considered, the definitions of the textbook were clarified and deep analysis was carried out. The issue of texts that increase students' reading comprehension in the Kazakh language lesson is also considered, and samples of analysis, the requirements for selection and systematization of texts are taken into account. In general, the lesson offers ways to use educational texts are taken into account

Keywords: learning, cognitive activity, text, interpersonal relationships.

Таным - адамдардың нәтижеге бағытталған шығармашылық әрекеттерінің үрдісі. [1.215]. Ол үшін әр оқушының жас ерекшелігін, жеке бас қасиеттерін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін ескерген жөн. Таным зейін, түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиял секілді қабілеттерден тұрады:

Зейін дегеніміз - сананың нақты бір затқа, құбылысқа немесе іс-әрекетке бағытталуы және шоғырлануы. Зейін тұрақты болса, оқушы соғұрлым берілген мәтін мазмұнын түсініп, нақты ақпарат ала алады. Кез келген ақпаратты қабылдау зейіннің дұрыс шоғырлануынан басталады.

Түйсік - қоршаған ортамыздағы заттар мен құбылыстардың сезім мүшелерге тікелей әсер етіп, адам миында сақталуы, көрініс табуы. Түйсік таным процесімен тікелей байланысты. Себебі адам таным процес арқылы қоршаған ортаны таниды. Адам дүниені ең алдымен сезім мүшелері арқылы түйсінеді.

Келесі кезекте, қабылдау сезім мүшелері арқылы жүзеге асады. Адамға тікелей әсер ететін құбылыстардың нәтижесі.

Ес – адам тәжірибесінде қабылдағаны, басынан кешкен ой-сезімі, әрекеті жоғалып кетпей, баста сақталуы, ол үнемі жаңғырып отырады.

Ойлау – таным процестерінің ішіндегі ең жоғарғы процесс. Ойлау арқылы адам дамиды, танымы кеңейеді.

Сөйлеу – пікір алысудың формасы. Сөйлеу арқылы адам ойын жеткізеді, сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түседі. Оқу таным процесінде ой алмасып, ақпарат бөліседі.

Ең соңғысы қиял – адамға ғана меншікті психикалық процесс. Бұл адамның еңбек әрекетімен байланысты. Қиялды оқушының оқу процесінде байқауға болады. Танымды арттыратын, сөздік қорын молайтатын шексіз ойлау жүйесі [2.131-234]. Демек, таным арқылы оқушы белсенділігі, көптеген жаңа ойларға, іс-әрекеттерге мүмкіндіктері ашылады. Қоршаған ортаның әсерінен үнемі даму, өсу, өзгеру процесінде болады.

Ақыл-ой тұжырымдамасы әл-Фарабидің таным теориясының негізі болып табылады. Таным алғашқы кезеңінде адамның сезім мүшелері арқылы дамиды. Содан кейін таниды, сезеді, әрекетке түседі.

Танымдық әрекет- оқушылардың терең білім алуға негізделген ақыл-ой, санасының ең жоғарғы сатысында жүзеге асатын күрделі әрекет. Бұған оқушы мен мұғалім әрекеті тікелей байланысты, яғни оқушылардың жеке қабілеттері, мүмкіндіктері, жауапкершіліктері, айналасына көзқарасы айқын көрінеді. Сонымен қатар мұғалімнің де сабақты жүйелі ұйымдастыруы, өз пәнінің нақ шебері болуы өте маңызды. Бұл - оқу процесінде көзге көрінетін әрекет. Осындай мәселелерге өз ойын қосып, анықтама берген зерттеушілер бар. Атап айтсақ, Ж.Қараев «Танымдық іс-әрекет арқылы жеке тұлғаның мотивациясы, іс-әрекеті, белсенділігі артады» деп айтқан [3.14-17]. Демек, таным арқылы оқушы мотивация

алады, жаңа бастауларға құлшыныс табады, өздерінің жеке қабілеттерін дамытады.

Оқу-танымдық әрекет оқушылардың білімін жетілдіруге, сауатын ашуға, танымын кеңейтуге бағыталады. Ол туралы әр түрлі зерттеушілердің еңбектерінен, жазбаларынан көруге болады. Ойшыл Сократ оқу-танымдық процес кезінде оқушылардың белсенділігін, жан-жақтылығын байқап, үнемі қадағалау керектігін айтты. Бұл туралы көптеген пікірлер айтқан ойшылдар, зерттеушілер де болды. Мысалы, Коменский, Я.А., Чернышевский, т.б. орыс философтары өз еңбектерінде де айтқан. Ал Дистерверг болса, оқу процесінде оқушылардың танымын кеңейтудің жолы - оқушылардың белсенділігі маңызды, сана, ақыл-ой, ми дамиды дейді [4.259] Менің ойымша, оқушы оқу танымы арқылы мектеп қабырғасында білімін нақтылап, өмірге деген көзқарасын кеңейтіп, өзін дамытады. Әр кезеңде ғалымдар оқутаным мәселесін көтеріп, оған түрлі анықтама бергені белгілі болғандай, баланың танымы оқытудың әр кезеңінде де өзекті мәселе болғаны байқалды. Ендігі кезекте осы оқутаным құбылысының дамуы немесе қабілет ретінде арттыру мәселесін қарастырамыз. Оның ішінде оны мәтін арқылы қалай дамытуға болады деген сұрақтың төңірегінде өрбітетін боламыз.

Қазақ тілі сабағында оқу таным процесін кеңейтудің жолдары көп. Қазіргі таңда оқушылар мәтінмен көп жұмыс жасайды. Мәтіндердің түрлеріне тоқталсақ: тұтас мәтін, тұтас емес мәтін, аралас мәтін, құрамдас мәтін болып бөлінеді. Әр мәтіннің құрылымы әр түрлі, әр түрлі тапсырмалар орындап, оқушы танымына тікелей әсер етуге болады. Әр сабақта грамматикалық білімді игертуде мәтіндердің рөлі зор. Менгертуге бағытталған тақырыпты оқушылардың қаншалықты игергенін және оны практикамен байланыстыруда түрлі мәтіндердің пайдасы көп. Оның ішінде біз сөз етіп отырған оқу танымды қабілетті арттыратын мәтіндерді әуелі іріктеп алу және оны іскерлік дағды қалыптастыру үшін іске қосу әрдайым маңызды іс. Сондықтан өз тәжірибемде жиі пайдаланып жүрген бірнеше мәтіндер мен тапсырмаларға тоқтала кетсек:

Мемлекеттік рәміздер

Мемлекеттік рәміздер - еліміздің рухын, мәдениетін, салт-санасын, арман-тілегін білдіретін ерекше қайталанбас белгілер. Рәміздерге желбіреген туымыз, Гимніміз, еңселі Елтаңба жатады. Елтаңба авторлары: Ж.Мәлібеков, Ш.Уәлиханов. Қазақта «Шаңырағың биік, керегең кең, босағаң берік болсын» деген жақсы сөз бар. Осы сөзді басышылыққа алған. Көгілдір түстің үстіне шаңырақтың бейнесі салынған. Одан жан-жаққа күн сәулесі сияқты уықтар шашырап тұр. Бұл шаңырақ көгілдір аспан астында татулықта, ынтымақтастықта тұрып жатқанымызды білдіреді.

Мәтінді берудегі мақсат: оқушыларға рәміздер арқылы отандық белгілерді таныту мен отанды қастерлеуге бағыттау. Ал тапсырма шарты: 1) Мәтінді оқыту, 2) Мәтіннен тәуелдік жалғаулары бар сөздерге морфологиялық талдау жасату. Оқушылар мұндай тапсырмаларды орындау арқылы қазақ тілінің грамматикасын меңгерумен қатар, оқу-танымын кеңейтіп, шынайы өмірде дұрыс қолдануға икемделеді.

Қызыл кітап және Қазақстан қорықтары

«Қорық» сөзі өте көне, ол сонау Киев Русінің тұсында аң аулауға ең қатал әмірмен тыйым салынған жерлерді белгілеу үшін қолданылған. Қазақстан мен Орта Азияның басқа республикаларында қорықтар 1926 жылдан, ең алғаш Ақсу-Жабағылы, екінші болып, Қостанай облысының тың бидайықты аумағында көлдерді қорғауға алынған Наурызым қорығы 1930 жылы, Іле Алатау жотасының орталық бөлігінде Алматы қорығы 1931 жылы құрылды. Төртінші қорық - Көкшетау облысының айдын көлдерін қорғауға алынған Бурабай қорығы, одан кейін Барсакелмес 1939 жылы, алтыншы Қорғалжын қорығы 1958 жылы. Келесі Марқакөл, сегізінші Үстірт қорығы 1984 жылы құрылған, ол Үстірттің батыс тік жарларының ең биігінде орналасқан. Ең соңғысы Алакөл қорығы 1998 жылы құрылды[5.8].

Оқушылар бұл мәтін арқылы Қазақстанның табиғат байлығы мен құндылығы туралы ақпарат ала отырып, мемлекеттің қорғауындағы өсімдіктер мен жануарлар туралы оқып білетін болады. Мемлекеттік қорғаудың маңызымен қатар, табиғатты, оның өмір сүруші тірі мекендеушілерін аялау, қамқорлық таныту деген құнды қасиеттерді бойларына дарытады. Тәрбиелік және оқутанымдық мәні бар мәтіндерді қолдануда әуелі оларға мазмұндық құрылымдық талдау жасатылады. Сонан соң меңгеруге бағытталған грамматикалық мәселелердің түйінін шешуге бағытталған тапсырмалармен ұштастырылады. Мысалы, 1. Мәтінді оқындар, мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтаңдар. 2. Сұраққа жауап беріңдер. Қорық не үшін ұйымдастырылды? Оның маңызын өз түсінігің бойынша әңгімеле. 3. Мәтін ішінен екі сөйлемді тандап алып, синтаксистік талдау жаса.

Тапсырманың мақсаты - берілетін тапсырма түрлері олардың өмірден алған білік-дағдыларына пайымдаулар жасатуға, ой түйіндерін жүйелі сабақтауға және алған теориялық білімдерімен өмірден көрген-түйгендерін бірлікте ұштастыру.

Тапсырманың тиімділігі: оқушылардың таным деңгейі өседі, алған ақпараттарды біліктілікпен ұштастыра бірлікте қолдана біледі.

Нәтижесінде: оқушы айтар ойын жүйелі ойлап, қорыта біледі. Білімді өз бетімен алу дағдысын қалыптастырады. Сөйлемдердің танымдық мәніне зер салып, өз ойын анық жеткізе білді. Ақпараттарды белгілі бір мақсатқа пайдалана білуді үйренеді. Оқутанымдық қабілеті жетіледі.

Қорыта келгенде қазақ тілі сабағында әр оқушыны жеке қалыптасушы тұлға деп санап, оқуға деген белсенділігін арттыру, қабілеттерін ашу, ой-санасына өзгерістер енгізу – оқу танымын арттырудың ең маңызды баспалдағы болып саналады. Оқу танымды арттыру тікелей мәтін құрылымына, негізгі идеясына, сұрақ түрлеріне, тапсырмалардың деңгейлігіне байланысты. Мәтін соңында орындалатын грамматикалық тапсырмалар оқушылардың тікелей оқу танымына әсерін тигізеді. Тапсырмаларды орындау барысында «Кубизм» әдісін қарапайым сұрақ-жауап түрінде, «Блум түймедағын» сұрақтың күрделі түрлеріне қолданса, «Ара ұясы» әдісін мәтін мазмұнын мүдірмей айтқызу кезінде қолданса, «Венн диаграммасын» екі құбылысты немесе затты салыстыру мақсатында, «Топтау» әдісін мәтін бөліктеріне қарай топтау кезінде қолдануға болады. Оқушылар мәтін арқылы грамматикалық тапсырмаларды орындап, шынайы өмірде дұрыс қолдана алады. Жүйелеу, анализ:контенттік анализ, синтез әдістерін қолдана отырып, оқушылардың оқу танымын арттыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Әл-Фараби, Философиялық трактаттар. Алматы. «Ғылым», 1973ж. - 215б.
- 2 Жұмасова К. «Психология» Астана: 2010ж.-131-234б.
- 3 Ж. Қараев. Оқытудың компьютерлік технологиясын жасау//ИФМ, №3, 1994ж.-14-17б.
- 4 Дистервег А. «Избранные педагогические сочинения» - М.: Педагогика, 1981ж.-259б.
- 5 Ковшарь А.Ф. «Қазақстан Қызыл кітабы беттерінен. Омыртқалы жануарлар» - Алматы ААҚ «Алматы кітап» 2004ж.-8б.